

Тұлға дамуы, дамудың қозғаушы күштері, қарама қайшылықтары

Орындаған: ИЗО-615 тобының студенті Ажибай А.А

Тексерген: Такеева Т.Б

Тұлға дамуының педагогикалық мәнін анықтау үшін бірінші кезекте «тұлға» түсінігінің мәнін, оның «адам», «индивид» және «даралық» түсініктерімен ара-қатынасын, байланысын ашуымыз керек. Адам дамуында әрқашан бір-бірімен байланысты екі бағыт бар: биологиялық және әлеуметтік. «Адам» түсінігі биологиялық мәнді білдіреді. Оған берілген анықтамалар өте көп.

1) Адам (биологиялық түсінік ретінде) - тіршілік иесі, өкілі, фило- және онтогенетикалық даму өнімі.

2) Адам – адамзат қауымдастығының бір өкілі, құралдар мен белгілер пайдаланатын және солар арқылы өзінің жүріс-тұрысын, мінез-құлқын және психикалық процестерін меңгеретін, табиғи шектеушілік шекарасынан шыққан әлеуметтік тіршілік иесі.

Күнделікті тұрмыста *индивид* деп оның өзіне тиесілі ерекшеліктері бар нақты бір адамды айтамыз. Индивидтің ең жалпылама сипаттамалары ретінде психофизиологиялық ұйымдасуының тұтастығы мен өзіндік ерекшелігін, қоршаған ортамен өзара әрекеттегі тұрақтылығын, белсенділігін айтуға болады. Әр адам – индивид.

Даралық қысқаша айтқанда, бір адамды екінші адамнан айыратын ерекшелік. Даралық мінез және темперамент, шығармашылық іс-әрекет және қабілеттер ерекшелігімен көрінеді. Абсолютті бірдей екі адам болмайды. Яғни, әр адамды өзіндік ерекшеліктері (психикалық, әлеуметтік) даралық ретінде қарауымыз керек.

Педагогикада және психологияда тұлға және оның дамуы проблемасы бойынша үш бағыт болды: биологиялық, әлеуметтік және биоәлеуметтік.

Биологиялық (преформистер) бағыт өкілдері тұлғаны тек қана табиғи өнім ретінде қарастыра отырып адамның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын туа біткен қажеттіліктер, инстинктер ықпалы деп түсіндіреді (З.Фрейд). Адам қоғам талаптарына бағынуға және соның барысында өзінің табиғи қажеттіліктерін үнемі басып отыруға мәжбүр. Ол өзімен өзінің осы күресін жасыру үшін «маска киеді» немесе қанағаттандырылмаған табиғи қажеттіліктерін басқа бір іс-әрекет түрімен алмастырады дейді. З. Фрейд адамның жүріс-тұрысы толығымен жыныстық инстинктен (либидо) тәуелді деп есептеді.

Әлеуметтік бағыт өкілдері адам биологиялық тіршілік иесі бола тұра өмір сүру барысында өзі қарым-қатынасқа түскен әлеуметтік топтардың ықпалы арқылы біртіндеп әлеуметтенеді деп есептейді. Тұлғаның даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым онда биологиялық ерекшеліктері анық көрінеді, бірінші кезекте иемдену, бұзу, қирату, жыныстық және т. б. инстинктер.

Биоәлеуметтік бағыт өкілдері психикалық процестер (түйсік, қабылдау, ойлау және т.б.) биологиялық негізде, ал тұлғаның бағыттылығы, қызығушылықтары, қабілеттері әлеуметтік құбылыс ретінде қалыптасады деп түсіндіреді.

Л.С. Выготскийдің анықтамасы бойынша тұлға – белгілі бір функцияларды атқару үшін пайда болатын психикалық жүйе. Тұлғаның негізгі функциясы – қоғамдық тәжірибені шығармашылықпен игеру және адамды қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне енгізу. Тұлға тек іс-әрекетте, қарым-қатынаста қалыптасады, өмір сүреді және өзін-өзі көрсетеді. Адамзат баласы адам болып туса, тұлға болып қалыптасады.

Тұлғаның мәнді сипаттамалары:

- 1) дүниетанымының мазмұны, психологиялық мәні;
- 2) дүниетанымының, сенімдерінің тұтастығы;
- 3) қоғамдағы өз орнын сезіну деңгейі;
- 4) қажеттіліктер мен қызығушылықтар сипаты және мазмұны;

Тұлға дамуы, процесс ретінде, индивидтің психофизиологиялық ерекшеліктерімен, оның өзінің белсенділігімен, ішкі қарама-қайшылықтарымен және сыртқы әлеуметтік жағдайлармен шартталады. Оны Л. И. Божович «ішкі даму процестері мен сыртқы жағдайлардың өзінше үйлесімі» деп атап көрсетеді.

Б.Г. Ананьевтің тұжырымдауынша адам даму көптеген факторлардың өзара әрекетімен шартталады: тұқымқуалаушылық, қоршаған орта (әлеуметтік, табиғи), тәрбие және оның өзінің іс-әрекеті.

Тұқым қуалайды: орталық нерв жүйесі қасиеттері (күш, жылдамды және т.б.), бет әлпеті, түсі, ауру түрлері және т.б. кейбір мінез сипаттарының (экстраверсия, интроверсия, агрессивтілігі т.с.с.) тұқым қуалауы туралы бір жақты пікір жоқ.

Тұлға дамуын зерттеудегі педагогика үшін ең маңызды мәселелер – интеллектуалдық, арнайы қабілеттердің және моралдік қасиеттердің тұқым қуалауы.

Қабілетті тұлғаның жеке-психологиялық ерекшелігі, белгілі біріс-әрекетті нәтижелі орындау шарты десек, нышанды қабілетті дамытуға қажетті потенциалдық мүмкіндіктер деуге болады. Эксперименталдық зерттеу нәтижелері қабілет емес, тек нышандар тұқым қуалайды деген тұжырымды дәлелдейді.

Интеллектуалдық қабілеттердің тұқымқуалауы туралы мәселе көп сұрақтар туғызады. Көптеген ғалымдар адамның интеллект деңгейі оның шыққан тегінен тәуелді емес дейді. Дегенмен тұқымқуалаушылықтың адамның интеллектуалдық дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін екендігін мойындау қажет. Мысалы, нашақорлардың, маскүнемдердің миларындағы өзгерістер, тұқым қуалайтын кейбір психикалық аурулар баланың интеллектуалдық дамуына кері әсерлерін тигізеді.

Арнайы нышандардың тұқым қуалайтыны бүгінгі күні күмән келтірмейтін мәселе. Арнайы нышандарға жататындар: математикалық, музыкалық, спорттық және т.б.